

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

6. Акатай С., Древние культы и традиционная культура казахского народа, - Алматы: КазНИИКИ, 2001
7. Кажгали, У.А., Органон орнамента, - Алматы, 2003

ӘОЖ 94 (574)

«ЗАМАНДАР БОЙЫНДА ЕЗІП КЕЛГЕН ДҮЛЕЙ КҮШКЕ ҚАРСЫ ТҮРҒАН» ӘБДІҒАПАР ХАН

Әбішева Айдана Әмірханқызы
abisheva_aidana@mai.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ тарих факультетінің 2 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші: Б.С. Малыбаева

1914 жылы басталған Бірінші дүниежүзілік соғыс халыққа аса ауыр қасірет әкелді. Әлеуметтік және ұлттық езгі күшейді. Соғыс жылдарында жергілікті жерлердегі патша шенеуніктерінің озбырлықтары мен зорлық-зомбылығы өлшеусіз өсті. Қазақ халқынан жақсы жайылымдар мен егісті алқаптарды тартып алып, ал қазақтарды шаруашылық жүргізуге онша жарамды емес немесе мүлдем жарамсыз шөл немесе шөлейт аудандарға күшпен көшірілді. 1916 жылдың ортасына қарай патша өкіметінің қазақ халқынан тартып алған жерінің жалпы көлемі 45 миллион десятинаға теңелді.

Әлеуметтік және ұлттық езгінің күшеюі, соғыс кесепаты – халық бұқарасының қайыршылануы, қымбатшылық, ашаршылық еңбекшілердің жағдайына ауыр әсер етті және халықтың тарапынан белсенді наразылық туғызды.

Соғыс Ресей империясында пісіп-жетіліп келе жатқан жалпыға бірдей дағдарыс үрдісін тездетті. Қазақстанның, Орталық Азияның барлық дерлік аудандарын қамтыған 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс соның жарқын көріністерінің бірі болды.

Көтерілістің шығуына 1916 жылы 25 маусымда Патша өкіметінің Қазақстанның, Орта Азияның және Сібірдің 19 жаспен 43 жасқа дейінгі «бұратана» ер-азаматтарын тыл жұмыстарына «Реквизициялау туралы» жарлығы тікелей себеп болды. «Реквизиция» сөзі «жеке адамның мүлкін зорлап алу» деген мағынаны береді.

Көтерілістің басты себептері әлеуметтік-экономикалық және саяси факторлар: жерді тартып алу, отаршылық езгінің күшеюі, салықтардың шамадан тыс көбеюі, халық жағдайының күрт нашарлауы болды.

Патша жарлығы жарияланған соң шілде айының бас кезінде Қазақстанның барлық аймақтарында дерлік стихиялы наразылықтар басталып, көп ұзамай қарулы көтеріліске ұласты. Көтерілістің басты ірі ошақтары – Жетісу мен Торғайда болды.

Деректемелерге қарағанда, көтерілістің Торғай ошағы шырқау шыңына жеткен кезінде (көтерілісшілер Торғай облысының Торғай, Қостанай, Ырғыз, Ақтөбе уездерін және көршілес облыстардың бірқатар уездерін басып алған) көтерілісшілер саны 50 мың адамға жуық болған. Көтерілістің орталығы Торғай уезі болды. Көтерілістің басталуына қарай Торғай уезі негізінен қыпшақ және арғын рулары шоғырланған 13 болыстан тұрды. Көтерілістің бастапқы кезеңінде толқулар қыпшақтар мекендеген Қайдауыл, Аққұм, Қараторғай, Сарыторғай, Қарақопа болыстарын, сондай-ақ негізінен арғындар мекендеген Тосын, Майқарау, Сарықопа, Наурызым, екінші Наурызым болыстарын қамтыды. Осы көтерілісте Әбдіғапар Жанбосынов қыпшақ көтерісшілерінің ханы болып, ал Шолақ Оспанов арғын көтерілісшілерінің ханы болып сайланды [1, 647 б.]. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс кезінде хандық биліктің жаңғыруына негізгі себеп – халық санасында хандық биліктің дәстүр ретінде сақталуы болып табылады. Әбдіғапар хан есімі мұрағат құжаттарында кездеседі. Ж. Ибрагимовтың «1916 жыл – Хандық биліктің жаңғыруы» атты еңбегінде

былай көрсетілген: Архив құжаттарында мынадай дерек берілген: «Үрпекке келіп, хан ордасын орнаттық. Бұл жерде бүкіл ел жиылып, екі ту бие, 10 қой сойып, Әбдіғапарды хан сайлады, Амангелді сарбаз басы сардар болды...» [2, 164 б.].

Осындай деректер кездескенімен Кеңес үкіметі кезінде 1916 жылғы оқиғаларды сипаттап жазғанда тек Амангелді Имановтың атын дәріптеп айтты. Ал Әбдіғапар ханның аты аталмай қалды. Себебі, Кеңес уақыты кезінде барлық оқиға коммунистік идеологияға бағындырылды. Осыған орай тарих бұрмаланып, коммунист Амангелді Имановтың аты ғана аталып, ал сол кезде халық арасында беделі орасан зор болған Әбдіғапардың аты ескерусіз қалды. Тек тәуелсіздік алғаннан кейін ғана Әбдіғапар хан туралы айтыла бастады. Осы бір уақытта орын алған әділетсіздік туралы халық жазушысы – Шерхан Мұртаза қысқаша былай деп айтқан: «16 ж. Ұлт-азаттық көтерілісі біздің советтік тарихнамада қатты бұрмаланып көрсетілді. Қазақстандағы 16 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс десе, көпшілік тек Торғай көтерілісін ғана, Амангелді батырды ғана біледі. Өйткені үгіт-насихат жұмысы солай өрбіген еді. Соның өзінде де Торғай көтерілісін көрсетуде де рабайсыз көріністер көп. Мысалы, Амангелдіден аруағы асып-түспесе, кем емес Әбдіғапар туралы не бідеміз? Немесе өмірі өкінішті Кейкі батыр туралы тарихта там-тұм да болса, бірдеңе бар ма?» [3, 5 б.].

Әбдіғапар хан 1970 жылы Торғай уезіндегі Қараторғай болысында туған. Ата тегі жағынан алғанда қарақыпшақтан тарайды. Арғы атасы Жоңғар шапқыншылығына қарсы талай жорықтарға қатысқан Тілеулі батыр (1695-1760) [3, 13 б.]. Ал Тілеулінің кенже баласы Нияз (1735-1783) Абылай хан өмірінің соңғы кезеңдерінде Ордада билік жүргізген, Қара-өткел маңайын билеген. Халық оны Нияз хан деп атаған. Әбдіғапардың әкесі (Нияздың 5 ұрпағы) Жанбосын (1847-1885) Қара-Торғай өлкесінде біраз жыл болыс болған.

Әбдіғапардың анасы Алуа (1840-1934) арғын Ақтас руынан шыққан, Ахмет Байтұрсыновтың апалары. Әбдіғапардың әкесі өлген соң Қарасудан Көртоғайға Жалмағамбет (1853-1923) әкесінің аулына көшкен, осы жерде 4 бөлмелі қызыл үй салдырған. Кейін бір бөлмесін екі кластық мектепке айналдырған. Өзі мал өсірумен қатар, егін шаруашылығымен айналысқан. Әбдіғапар мұсылманша оқып, дінге өте берік адам болған. Оның жастайынан әрі арабша, әрі орысша сауат ашып, зиялы адам болып қалыптасуына ағасы Жалмағамбет көп септігін тигізді.

Жастайынан әделеттілік үшін күресіп, әділетсіздікке қарсы болған. Әділетсіздікпен күресу, халқына барынша өз пайдасын тигізу мақсатында 1908 жылы болыс болды. Болыс болып жүргенінде халқы үшін даулы мәселелерді шешуге тырысып, әділдік үшін күресті. Көбінесе мал дауы, жер дауы, жесір дауы сияқты істердің ақ-қарасын шешуге араласып, осы арқылы халық арасында беделі көтерілген. Міне, осындай жағдайлар Әбдіғапар ханның келешекте тарих беттерінде өшпестей із қалдыруына өз септігін тигізді. 1916 жылы ұлт-азаттық көтерілісті басу үшін арнайы жазалаушы әскер қарашаның орта кезінде Оспан ханның, Айжарқын ханның сарбаздарын талқандап, Торғайға бет талды. Ал бұл кезде Әбдіғапардың маңайына келіп қосылып жатқан адамдар күннен күнге көбейе берді. Осындай жағдайда халықтың алдында мынадай міндеттер тұрды: барлық ұйымдастырушылық істерді реттеу, халықты қорғау, жазалаушы әскермен күресе алатын әскерді дайындау. Осы істерді атқаратын, билік жүргізетін қазақ халқының дәстүрлі қоғамына сай хан сайлау керек деген шешімге келді. Айта кетерлік жайт, көтерілістің ерекшеліктерінің бірі – қарадан шыққан адамдардың хан сайлануы. Бұл жөнінде Ж. Ибрагимов 1916 жылғы хан сайлауында тегіне қарамай, оның парасаты, тәжірибесі мен халық арасында беделінің жоғары болуы сияқты принциптерге қарай отырып сайланғанын айтады. Сөйтіп, 1916 жылы 21 қарашада үлкен құрылтай жиналысы өтті. Бұл құрылтайда Торғай уезінің ханы болып Әбдіғапар хан сайланды. Бірақ қазақ халқының дәстүрлі қоғамына сай ертеден таққа Шыңғыс ұрпақтары отыруға тиісті болатын. Ал қарадан шыққан Әбдіғапардың хан сайлануы себептеріне тоқтала кетсек:

1). Ерте кездердегідей емес, бұл уақыт ел басына күн туған сәт болатын. Сондықтан бұл уақыт шенқорлықтың уақыты емес, ең бастысы халықтың сенімін ақтау болғандықтан, хан

болып халық мұңын мұндап, жоғын жоқтайтын, халқына адал, данагөй адам сайлануы керек болды. Сондықтан құрылтайда өзінің батырлығымен, батылдығымен, парасаттылығымен, әділдігімен көзге түскен Әбдіғапар ханның есімі ерекше аталған болатын. Бұл жөнінде академик М. Қозыбаев: «Даналық иесі халықтың мұң-мұқтажын терең түсінген Әбдіғапар тақ үшін, бақ үшін күреспеді, таласпады, халық өзі қалап, хан көтерді. Бұл хандық ел аласапыран болып, ер басына күн туған кезде берілді. Халықтың ол билікті бүгін біреуге, ертең екіншісіне берер уақыты жоқ-ты. Ендеше, халық ол билікті тек ең жанкүйер, күрескер, табанды, ақылгөй данасына аманат етті. Әбдіғапар халық шешімін солай ұғынды» [2, 49 б.], - дейді. Әбдіғапардың халық ортасында беделі күшті болғанын К. В. Харламповичтың Әбдіғапар туралы: «восточная половина уезда, возглавляемая умным, проницательным и авторитетным Абдулгафаром» [4, 116 б.], – сөздері дәлел бола алады.

2). Әбдіғапардың хан болып сайлануына әсер еткен тағы бір себеп – Әбдіғапардың атасы Нияз Абылай хан кезінде қыпшақ тайпасына көсем болып, би болған. Оның беделінің күшті болғаны соншалық Абылай Ниязды хан дәрежесінде ұстанды. Сондықтан қыпшақ өңірі Ниязды «хан» деп атаған. Әбдіғапар осы Нияз ханның ұрпағы болатын.

3). Әбдіғапар қарапайым халықтан шығып, хан атанғанына ризашылығын білдіріп, өзін «әмір» атауды жөн көрді. Осы жағдайдың өзі оның адами қасиеттерін көрсетеді, яғни атаққұмар, шенқұмар емес, қарапайым адам болған. Ол барлық істі халықпен ақылдасып, елмен бірге шешуді дұрыс көрді. Бұл туралы 1926 жылы Торғай көтерілісінің 10 жылдығы қарсаңында профессор К. В. Харлампович: «...ол хан деген атақтың керегі жоқ, жеке өзім басқару емес, халықпен, атап айтқанда соның адамдарының көмегімен, әмірші ретінде басқаруды дұрыс көрді. Оның қасында болыс-болыстардан сайланған 20 адамнан құрылған кеңес болды...» [2, 50 б.], – деп жазды. Әбдіғапар ханның ордасы Үрпекке 15 шақырым жердегі Дүкенбайұлы Сейдіғазымның қыстауында орналасты. Әбдіғапар Хан кеңесінде талқылап, шешкен, атқарған қызметтеріне келетін болсақ:

- Ең алдымен Хан кеңесі құрылды. Хан кеңесінде барлық мәселелер шешіліп отырды.
- Хан жарлығын орындау үшін әр болыста елбегілер сайланып отырды. Міндеттері: мал, жанның санын анықтау, әскер, қару-жарақ, тамақ жинау мәселесін шешу.
- Қазынашы тағайындап, Халықтың жағдайына қарап, әділеттік түрде салық салды. Мәселен, 40 қойдан 1 қой, 5 қарадан 1 қара зекет салынды.
- Ұрлық-қарлықты жою үшін арнайы хан жарлығы шықты, осы арқылы елде біршама тәртіп орнатуға тырысты.
- Бұйрықтарды, жедел хабарларды жеткізу үшін әрбір 15-20 шақырым сайын қызыл кірпіштен салынған «қызыл бекеттер» орнатылды.
- Әскери тәртіп орнады. Әскери жасақ мәселесіне көп көңіл бөліп, ежелден келе жатқан әдіспен, яғни құрамалар ондыққа, жүздікке, мыңдыққа бөлінді.
- Торғай даласындағы барлық ұсталарды бір жерге жинап, әскерге керек қару-жарақтар жасатты.

Кеңестің шешімін Әбдіғапар хан бекітіп отырды, үкім қағаздары заңды болу үшін ханның мөрі басылды. Ол өз мөріне «Торғай өлкесінің әмірі», -деп жазғызған болатын. Көтерілісшілердің жазалаушы әскерге қарсы тұра біліп, қорғана алуы, көтеріліс барысында көптеген жеңістерге жетуі Әбдіғапар хан мен Аманкелді Имановтың елі, жері үшін жүргізген барлық іс-әрекеттерінің нәтижесі болып табылады. 1917 жылы Патша үкіметі құлаған соң, бәріне кешірім берілді деген хабар келген соң, көтерілісшілер еліне тарай бастады. Ал Әбдіғапар жаңа үкіметке қарсы еместігін білдіріп, Торғайға адам жіберді. Ал Қазан төңкерісі кезінде Әбдіғапар Орынбордағы Торғай облыстық съезіне барып қайтады. Осыдан кейін ол саясатқа араласпады. Большевиктерге де, Алашқа да қосылмады. 1919 жылы мамырдың 18-інен 19-ына қараған түні Аманкелді жау қолынан қаза тапты. Батырдың өлімін тексеру 10 жылға созылды. Осы уақыт аралығында көптеген адамдар күдікті есебінде танылды. Соның бірі Әбдіғапар хан болды. 1919 жылы желтоқсанда қызыл әскердің арнайы отряды

Батпаққараға келіп, Әбдіғапар Жанбосыновты бірге алып кетті. Зәуре қопасы жанында арнайы бұйрық алған отряд сотсыз, дәлелсіз қайран ерді атып кетті.

1916 жылғы көтерілістің басшыларының бірі Әмір Әбдіғапар туралы еліміз тәуелсіздігін алған соң ғана айтыла бастады. Сол қиын-қыстау кезде халық өзі таңдап сайлаған соң, ол ешқандай даңқ үшін емес, халқының мұң-мұқтажын ойлап, елінің үмітін ақтау үшін, Отан үшін жанын пиде етті.

«Бар ғұмырын қазағына арнаған,

Туған жердің топырағын қорғаған.

Әбдіғапар – қаһарманы халықтың,

Азаттықтың қыраны боп самғаған»! [2, 161 б.] – деп Хамитбек Мұсабаев айтып кеткендей, халқымыздың адал перзенті, ел басына алмағайып ауыр күндер туғанда халық қамын ойлап, саналы ерлікке барған, замандар бойында езіп келген дүлей күшке қарсы тұрған Әбдіғапар Жанбосыновтың есімі жас ұрпақтың есінде мәңгі сақталады.

Қолданылған әдебиет:

1. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. – Алматы: «Атамұра», 2010. – 768 б.
2. Ибрагимов Ж. 1916 жыл – Хандық биліктің жаңғыруы. Монография. – Жезқазған: ЖезУ, 2001. – 205 б.
3. Мырзағалиұлы М. 1916-1917 жылдардағы Торғай қазақтарының көтерілісі. – Алматы, 2005. – 168 б.
4. Сүлейменов М. Әбдіғапар хан. – Алматы: «Ғылым», 1995. – 144 б.
5. Қозыбаев М. Тарих зердесі (Арыстар тұғыры). 2-кітап. – Алматы: Ғылым, 1998. – 280 б.

УДК: 930:711.4-16 (574)

ИЗ ИСТОРИИ ПРОВЕДЕНИЯ ГЕНЕРАЛЬНОГО КОНКУРСА ПО РАЗВИТИЮ НОВОГО ЦЕНТРА ГОРОДА АКМОЛА (АСТАНА)

Аканов Куаныш Газизович

kukaandvita@mail.ru

докторант PhD кафедры Евразийских исследований Исторического факультета
Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Научный руководитель: С.И. Ковальская

Перенос столицы Казахстана – безусловно является одним из самых знаковых событий в истории нашего государства в период независимости. Старт этому действию положило заседание Верховного Совета Республики Казахстан, состоявшееся 6 июля 1994 года, где основным докладчиком выступил Президент страны Нурсултан Назарбаев. В своем выступлении Глава государства предложил перенести столицу Казахстана из города Алматы в город Акмола, обстоятельно обосновав причины и перспективы данной инициативы. После окончания и обсуждения доклада, высший законодательный орган принял решение согласиться с доводами выступающего, вынеся соответствующее постановление [1, с. 337-341]. С этого акта и начался процесс, одну из сторон которого мы бы хотели осветить в данной статье.

С самого начала переноса остро встал вопрос о создании в тогдашнем центре Акмолинской области соответствующей его изменившемуся статусу инфраструктуры, в особенности будущего центра новой столицы. В целях наиболее объективного и творческого подхода Правительство Республики Казахстан решило провести открытый международный конкурс на эскиз-идею Генерального плана нового центра города Акмолы.